Шардара мектеп-лицейі
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің
кезектен тыс отырысының хаттамасы

«09» 09 2026ж

Өткізілген орны: Мұғалімдер бөлмесі
Қатысқандар:

1. Мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет
2. Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Э.Кулиева
3. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.Ахатова
4. Әлеуметтік-педагог: Қ.Мусақұлова
5. Кәсіптік-бағдар беру: Ж.Амиралиев
6. Педагог-психолог: А.Арын
7. Педагог-дефектолог: Р.Кеңес
8. Сынып жетекшілер: Ж.Шаймарданова
   А.Жуматай

Күн тәртібінде:

1. Бірінші тоқсан бойынша оқуда қиындығы бар оқушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау;
2. Екінші тоқсанға оқуда қиындығы бар оқушыларға жалпы білім беру бағдарламаларын бейімдеу және жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің дефектологы Кеңес Роза оқушылардың негізгі пәндер бойынша жетістіктер картасына сәйкес оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін талқылады. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері Шаймарданова Жанар апай мен Жуматай Анар оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне тоқталды.

2 «ә» сынып оқушысы Ережеп Расул. Дефектолог сөз алды. Қиындық туғызатын математика және қазақ тілі пәндерінен оқу бағдарламалары бойынша педагогикалық диагностика жүргізіліп, нәтижесінде қазақ тілі, математика пәндері бойынша оқушыда тұрақты қиындықтар байқалатындығы айтылды. Қазақ тілі пәні бойынша қойылған сұрақтарға ауызша жауап береді, бірақ мәтін мазмұны бойынша өз ойын әңгімелеп бере алмайды және буындап оқи алмайды. Ал математикадан екі таңбалы сандарды қосып, азайтуда қиналады. 2ші тоқсанға дефектолог және психолог көмегін қажет етеді.

1 «г» сынып оқушысы Оразалы Нуриман. Сынып жетекші: Жуматай Анар. Сабақ барысында берілген тапсырманы өз бетімен орындай алмайды. Оқу тапсырмаларын қысқа мерзімге ғана есте сақтайды. Тақтадан көшіріп жаза алмайды. Әріптерді таниды, бірақ буындап оқи алмайды.

Scanned with CamScanner

4 «б» сынып оқушысы Даулетбай Айбек. Сынып жетекші: Шаймарданова Жанар. Оқушының оқу материалдарын меңгеру деңгейі әр пән бойынша әртүрлі. Сабақ барысында берілген тапсырмаларды орындауда кейде қиындықтар кездеседі, сондықтан мұғалімнің қосымша көмегін қажет етеді. Математика пәнінен есептеу барысында қиналады. Өз деңгейінен төмен тапсырмаларды ғана орындайды. Қазақ тілі пәнінде тапсырмаларды өте жеңіл деңгейде орындайды. 2ші тоқсанға дефектолог және психолог мамандары қажет деп білемін.

Дефектолог: Педагогикалық диагностика жасалып, нәтижесінде математика және қазақ тілі пәндері бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі анықталды. Оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жетістіктер картасында көрсетілген. Яғни, оқушы тірек сөздерді қолданып мәтін құрай алмайды, сөздерді жазу барысында пунктуациялық, орфографиялық қателер жібереді. Арифметикалық амалдарға берілген есептердің шешуін шығара алмайды. Алдағы оқу тоқсанына дефектолог көмегін қажет етеді.

Отырыстың 2-ші мәселесі бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Э.Кулиева сөз алды.

Мамандар оқуда қиындығы бар оқушыларды анықтап, педагогикалық диагностика өткізіп, жетістік картасын, сөйлеу картасын толтырып нәтижелерімен бөлісті.

Дефектолог Кеңес Розаға алдағы 2ші тоқсанға оқу бағдарламаларын жеңілдетіп, жеке дамыту бағдарламасы негізінде жетістік картасында анықталған оқу мақсаттары бойынша жеке, топтық сабақтар өткізу ұсынылды.

Ұсыныс:

1. Оқуда қиындығы бар оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауда болуы қажет;
2. 2ші тоқсанға бейімделген және жеке дамыту бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру;

Scanned with CamScanner

Шешім:

1. Оқуда қиындығы бар оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауға алынсын;
2. 2ші тоқсанға бейімделген және жеке дамыту бағдарламасы құрастырылып, жүзеге асырылсын.

1. Э.Кулиева
2. Г.Ахатова
3. Қ.Мусақұлова
4. Ж.Амиралиев
5. А.Арын
6. Р.Кенес
7. Ж.Шаймарданова
8. А.Жуматай

ППҚҚ төрағасы/төрайымы: _____ **Л.Ө.Құлмаханбет**
(қолы, мөр)

Хатшы: _____ **Р.Кенес**
(қолы)

Scanned with CamScanner